

СЫЙЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ ТАНЫТУҒА ҚАТЫСТЫ САЯСАТ

КІРІСПЕ

KAZ Minerals мерзімді түрде қарапайым және қонақжайлылық көріністерін табыстау және алу қалыпты іскерлік қарым-қатынастардың бөлігі болуы мүмкін екендігін, алайда кейбір жағдайларда мұндай әрекеттер KAZ Minerals қызметкерлеріне және бизнес-серіктестеріне лайықсыз ықпал етуі немесе осындай ықпалдың көрінісін туындатуы мүмкін екенін мойындайды.

Сыйлықтар және қонақжайлылық көріністерінің көлемі түрлі аймақтарда, көп жағдайларда жергілікті заңнама мен дәстүрлерге байланысты айтарлықтай өзгеріп отыруы мүмкін. Алайда, мұндай сыйлықтар мен қонақжайлылық көріністері іскерлік шешімдерді қабылдау үдерісіне ешқашан ықпал етпеуі, осындай ықпал көрінісін туындатпауы және мүдделердің нақты немесе болжалды шиеленісіне әкеп соқпауы маңызды.

МАҚСАТЫ

Осы Саясаттың мақсаты KAZ Minerals сыйлықтар мен қонақжайлылық көріністерін сыйлау және қабылдауға қатысты қағидаттарын түсіндіру болып табылады. Сонымен қатар, Саясат бизнес-конференцияға немесе бөгде компанияның нысанына шақыруды қабылдау мүмкіндігін қарастыру кезінде есепке алу тиіс факторларды сипаттайды.

ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Осы Саясат KAZ Minerals барлық қызметкерлеріне (мерзімді және мерзімсіз еңбек шарттары негізінде жұмыс істейтін), іссапармен келген қызметкерлеріне (жеке алғанда – «Қызметкер», бірлесіп – «Қызметкерлер»), сонымен қатар Топ өз қызметін жүргізетін барлық мемлекеттердегі іскерлік операциялар мен мәмілелерге таралады.

САЯСАТ

Кез келген сыйлықтарды немесе қонақжайлылық көріністерін алу немесе ұсынуға қатысты, Қызметкерлер лайықсыз ықпал етуі немесе осындай ықпалдың көрінісін туындатуы немесе KAZ Minerals қызметімен мүдделер шиеленісіне әкеп соғуы мүмкін кез келген әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

KAZ Minerals Қызметкерлерден осы Саясатта баяндалған тәртіп ережелерін сақтауын талап етеді, ол тек Топтың беделін қорғауға ғана емес, сонымен қатар Қызметкерлерді құқыққа қарсы әрекет жасады деп кінә тағудың алдын алу үшін қажет.

Осы Саясат бұзылғаны немесе бұзылып жатқаны туралы күдіктенетін Қызметкерлер өздерінің күдіктері туралы KAZ Minerals Заңнаманы және этикалық нормаларды бұзу туралы хабарлау жөніндегі саясатына (Speak Up) сәйкес қолайлы тәсілмен дереу, немесе күдіктенетін жағдайда, өзінің құрылымдық бөлімшесінің Құқықтық бақылау жөніндегі басшысына тікелей хабарлауы тиіс.

Егер сыйлықты алу немесе қонақжайлылық көрінісінің орындылығына қатысты қандай да бір күмән болса, одан бас тарту қажет.

ЖАУАПКЕРШІЛІК/САҚТАМАУ

Әрбір қызметкер осы Саясаттың ережелерін сақтауға жауапты. Қызметкердің осы Саясатты сақтамауы қолданыстағы заңнамаға және/немесе KAZ Minerals ішкі саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес тәртіптік немесе өзге жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін.

САЯСАТТЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Сыйлықтарды алу/қонақжайлылық көріністерін қабылдау

- Қарапайым сыйлықты немесе қонақжайлылық көрінісін қабылдау мүмкіндігі туралы шешімге негізгі жауапкершілікті Қызметкердің өзі жүктейді, алайда, мұндай мүмкіндік болған жағдайда, Қызметкер сыйлықты немесе қонақжайлылықты қабылдауға дейін өз департаментінің басшысына немесе (егер Қызметкер департаменттің басшысы болған жағдайда) өзінің тікелей басшысына алдын ала жазбаша түрде немесе электрондық пошта арқылы хабарлауы тиіс. Егер Қызметкер кімге жүгінуі туралы күмәнданса, онда ол ұсынымдарды алу үшін өз құрылымдық бөлімшесінің Құқықтық бақылау жөніндегі басшысына хабарласуы тиіс.
- Сыйлықты немесе қонақжайлылық көрінісін алу туралы шешім қабылдау кезінде Қызметкер өзіне келесі сұрақтарды қоюы тиіс:
 1. Сыйлықты немесе қонақжайлылық көрінісін қабылдау қандай да бір міндеттемені тудыруы мүмкін бе немесе білдіре ме?
 2. Іскерлік шешім қабылдау кезінде (мәселен, сыйлаушымен бірге жаңа немесе өзгертілген шарт қарастырылады, немесе ол тендерлік үдерістің қатысушысы болып табылады) Қызметкердің әділдігіне ықпал ету пиғылы бар ма?
 3. Сыйлық немесе қонақжайлылық көрінісі мүдделер шиеленісін тудыруы немесе тудырушы болып көрінуі мүмкін бе?
 4. Сыйлықтың немесе қонақжайлылық көрінісінің құны осы Саясатта көзделген қисынды шектен шықпай ма?
 5. Егер осы сыйлық немесе қонақжайлылық көрінісі туралы Қызметкердің әріптестері, тікелей басшы немесе KAZ Minerals тыс өзге тұлғалар біліп қойса, Қызметкер ұялар ма еді?
- Тендерді жүргізу немесе шарт бойынша келіссөздер жүргізу кезінде жеткізушіден немесе әлеуетті жекізушіден қандай да бір сыйлықтарды немесе қонақжайлылық көріністерін қабылдауға қатаң тыйым салынады.
- Қызметкерлерге сыйлықтарды және қонақжайлылық танытудың басқа көріністерін ешбір жағдайларда талап етуге қатаң түрде тыйым салынады.
- Егер үшінші тарап Қызметкерге сыйлық табыстаса және сыйлықтан бас тарту орынсыз болып табылса немесе қорлағандықты білдірсе, Қызметкер мұндай сыйлық туралы өз департаментінің басшысына немесе (егер Қызметкер департаменттің басшысы болған жағдайда) өзінің тікелей басшысына немесе өз құрылымдық бөлімшесінің Құқықтық бақылау жөніндегі басшысына жазбаша түрде дереу хабарлауы тиіс. Және аталған басшылар сыйлықпен не істеу қажет екенін шешуі тиіс

(мысалы, қайырымдылық мақсаттарына табыстау немесе жолдаушыға/сыйлаушыға қайтару).

- Қызметкерлер қолма-қол ақша немесе банк түбіртегі, ақшалай аударым, инвестициялық бағалы қағаздар немесе айналым құжаттары сияқты олардың баламалары түрінде алынған сыйлықтардан әрқашан бас тартуы және өз департаментінің басшысына немесе немесе (егер Қызметкер департаменттің басшысы болған жағдайда) өзінің тікелей басшысына немесе өз құрылымдық бөлімшесінің Құқықтық бақылау жөніндегі басшысына хабарлауы тиіс. Егер қолма-қол ақша немесе олардың баламалары түріндегі мұндай сыйлық абайсызда алынған болса, Қызметкер өз департаментінің басшысына немесе немесе (егер Қызметкер департаменттің басшысы болған жағдайда) өзінің тікелей басшысына немесе өз құрылымдық бөлімшесінің Құқықтық бақылау жөніндегі басшысына жазбаша түрде хабарлауы және қайтаруды дереу ұйымдастыруы тиіс.
 - Шағын символикалық сыйлықтар немесе қонақжайлылық көріністері ғана белгілі бір елде мемлекеттік қызметкер («Мемлекеттік қызметкерлер») болып саналатын тұлғадан қабылдануы мүмкін. Мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыруға, оның ішінде заңнамалық, әкімшілік немесе сот органдарында қызмет атқаратын тұлғалар жатады. Сонымен қатар, Мемлекеттік қызметкерлерге (немесе оларға тең тұлғаларға) белгілі бір елдердегі, оның ішінде Ұлыбританияның, мемлекеттік компанияның немесе кәсіпорынның қызметкерлерін қамтуы мүмкін.
 - Кез келген түрдегі өкілдік іс-шаралары/қонақжайлылық көріністері бір бизнес-серіктестен бір жыл ішінде үш реттен артық қабылданбауы және сомасы төменде көрсетілген ақшалай лимиттерден аспауы тиіс.
 - Төмен күнкөріс деңгейін есепке ала отырып, Қырғызстан үшін ақшалай лимиттер Топ өз қызметін жүзеге асыратын басқа географиялық аймақтардағы (мемлекеттердегі) лимиттерден екі есе аз мөлшерде белгіленеді.
- i. Келісу қажеттілігі жоқ, бірақ хабарландыру талап етіледі
- Жоғарыда көрсетілген ережелерді сақтаған жағдайда (атап айтқанда, 1-ден 5-ке дейінгі сұрақтардың жауаптары «жоқ» болуы тиіс), Қызметкер өз департаменті басшысының немесе (егер Қызметкер департаменттің басшысы болған жағдайда) өзінің тікелей басшысының алдын ала келісімінсіз (алайда, жоғарыда көрсетілгендей, мүмкіндік болса, Қызметкер жағдайларға байланысты, өз департаментінің басшысына немесе өзінің тікелей басшысына немесе өз құрылымдық бөлімшесінің Құқықтық бақылау жөніндегі басшысына сыйлықты немесе қонақжайлылық көрінісін қабылдамас бұрын жазбаша түрде хабарлау тиіс) келесілерді қабылдай алады:
 - Бір бизнес-серіктестіктен бір жыл ішінде жалпы сомасы Ұлыбританияда 100 фунт стерлингтен, Қазақстанда 40 000 теңгеден немесе Ресейде 8 500 рубльден (немесе лимит екі есе төмен болатын Қырғызстаннан басқа өзге елдердегі жергілікті валютадағы баламасы) аспайтын сыйлық немесе сыйлықтар.

- Адам басына шаққанда Ұлыбританияда 100 фунт стерлингтен, Қазақстанда 40 000 теңгеден немесе Ресейде 8 500 рубльден (немесе лимит екі есе төмен болатын Қырғызстаннан басқа өзге елдердегі жергілікті валютадағы баламасы) аспайтын сомаға үшінші тараптармен іскерлік қарым-қатынастың қалыпты тәртібіндегі мерзімді дәм-азықтар (сонымен қатар тамақтану, жол жүру және орналасу шығындары).
- Орынды болып табылатын және қалыпты іскерлік сыпайылықтың аясынан шықпайтын спорттық іс-шараларға, театрға және басқа да мәдени іс-шараларға мерзімді шақырулар (үшінші тараппен бірге). Шақырулар сомасы Ұлыбританияда 150 фунт стерлингтен, Қазақстанда 60 000 теңгеден немесе Ресейде 12 750 рубльден (немесе лимит екі есе төмен болатын Қырғызстаннан басқа өзге елдердегі жергілікті валютадағы баламасы) аспауы тиіс.

ii. Департамент басшысының/тікелей басшының келісуі қажет етіледі

- Қызметкер өз департаментінің басшысымен немесе (егер Қызметкер департаменттің басшысы болған жағдайда) өзінің тікелей басшысымен, немесе өз құрылымдық бөлімшесінің Құқықтық бақылау жөніндегі басшысы алдын-ала келіскеннен кейін ғана келесілерді қабылдай алады:
 - Бір бизнес-серіктестіктен бір жыл ішінде жалпы сомасы Ұлыбританияда 100 және 150 фунт стерлингтің арасында, Қазақстанда 40 000 және 60 000 теңгенің арасында немесе Ресейде 8 500 және 12 750 рубль арасында болатын (немесе лимит екі есе төмен болатын Қырғызстаннан басқа өзге елдердегі жергілікті валютадағы баламасы) аспайтын сыйлық немесе сыйлықтар.
 - Адам басына шаққанда сомасы Ұлыбританияда 100 және 150 фунт стерлингтің арасында, Қазақстанда 40 000 және 60 000 теңгенің арасында немесе Ресейде 8 500 және 12 750 рубль арасында болатын (немесе лимит екі есе төмен болатын Қырғызстаннан басқа өзге елдердегі жергілікті валютадағы баламасы) үшінші тараптармен іскерлік қарым-қатынастың қалыпты тәртібіндегі мерзімді дәм-азықтар (сонымен қатар тамақтану, жол жүру және орналасу шығындары).
 - Орынды болып табылатын және қалыпты іскерлік сыпайылықтың аясынан шықпайтын спорттық іс-шараларға, театрға және басқа да мәдени іс-шараларға мерзімді шақырулар (үшінші тараппен бірге). Шақырулар сомасы Ұлыбританияда 150 және 500 фунт стерлингтің арасында, Қазақстанда 60 000 және 200 000 теңгенің немесе Ресейде 8 500 және 12 750 рубль арасында болатын (немесе лимит екі есе төмен болатын Қырғызстаннан басқа өзге елдердегі жергілікті валютадағы баламасы) сомадан аспауы тиіс.

iii. Жоғары деңгейдегі келісу қажет етіледі

- Сомасы жоғарыда көрсетілген лимиттерден асатын сыйлықтар мен қонақжайлылық көріністері Топ компаниясының бас директоры немесе Құқықтық бақылау жөніндегі бас директор (Қазақстан, Ресей немесе Қырғызстандағы Қызметкерлер үшін) немесе KAZ Minerals PLC Директоры немесе Корпоративтік хатшысы (басқа елдердегі Қызметкерлер үшін) алдын ала келіскеннен кейін ғана қабылдануы мүмкін.
- Қызметкердің жұбайына (оның ішінде ресми некеде емес) немесе басқа отбасы мүшелеріне сыйлықтарды немесе қонақжайлылық көріністерін ұсыну көп жағдайларда қабылданбауы тиіс, қандай жағдай болса да, Топ компаниясының бас

директоры немесе Құқықтық бақылау жөніндегі бас директор (Қазақстан, Ресей немесе Қырғызстандағы Қызметкерлер үшін) немесе KAZ Minerals PLC Директоры немесе Корпоративтік хатшысы (басқа елдердегі Қызметкерлер үшін) келісуін талап етеді.

- Ис-шараны немесе қонақжайлылық көрінісіне бару үшін жұмыстан кету туралы кез келген өтініштер тікелей басшымен келісілуі тиіс.
- Алынған сыйлықтар немесе қонақжайлылық көріністері сыйлаушының аты-жөні, сыйлық немесе қонақжайлылық атауы және бағалау құнын көрсете отырып, сыйлықтар мен қонақжайлылық көріністері журналында тіркелуі тиіс. Сыйлықтар немесе қонақжайлылық көріністерін тіркеу тәртібі туралы кеңес алу үшін, өз құрылымдық бөлімшенің Құқықтық бақылау жөніндегі басшысына / Персоналды басқару қызметінің бөлімшесіне хабарласыңыз.

Үшінші тараптың бизнес-конференцияға, нысанға баруға шақыруы немесе ұқсас іссапар

Барлық келесі талаптарды орындаған жағдайда, үшінші тараптың бизнес-конференцияға, нысанға баруға шақыруы немесе ұқсас іссапар департаменттің басшысы немесе (егер Қызметкер департаменттің басшысы болған жағдайда) өзінің тікелей басшысы келіскеннен кейін ғана қабылдануы мүмкін:

- Тікелей орынды іскерлік мақсат бар (іссапардың барлық күндеріне).
- Іссапарға KAZ Minerals қызметкерлерінің ең аз саны жіберіледі, және барлығы жұмыс бойынша тікелей жұмылдыралады.
- Қабылдаушы компания ең аз ілеспе шығындарды (мәселен, кіру билеті, тағам) және орташа өкілдік шығындарды ғана төлеуді ұсынады.
- Жол жүру мен тұру Топ компаниясында немесе жалпы Топ бойынша белгіленген шектен аспауы тиіс, сонымен бірге шетелге сапар Қазақстан, Ресей немесе Қырғызстан Республикасындағы «KAZ Minerals Management» ЖШС Қаржы директорымен бекітілуі тиіс. Ресейдегі қызметкерлер үшін KPBV Бас директорының келісімін алу қажет, бұл «KAZ Minerals Baïmskaya Infrastructure» ЖШС қызметкерлерін қамтымайды, олар үшін Топтың Басқарма төрағасы, Басқарма төрағасы немесе Бас қаржылық директордың келісімі қажет. Басқа елдердегі қызметкерлерге қатысты, Топтың Басқарма төрағасы, Бас қаржы директоры немесе Корпоративтік хатшының келісімі қажет.
- Ұшу және/немесе тұру қабылдаушы компаниямен төленетін болса, Топ компаниясында немесе жалпы Топ бойынша белгіленген шектен аспаған, егер сапар іскерлік мақсаттарда жүзеге асырылатын болса, және Қызметкер бос уақытын қабылдаушы тараппен бірге немесе қабылдаушы тараптан бөлек өткізу кезінде қандай да бір қосымша сапар күндерін өткізбеген жағдайда ғана қабылдануы мүмкін.

Сыйлықтарды/қонақжайлылық көріністерін ұсыну

Келесі қағидаттар KAZ Minerals атынан сыйлықтарды немесе қонақжайлылық көріністерін ұсынуға таралады:

- Сыйлықтар немесе қонақжайлылық көріністері ешбір жағдайда қабылдаушының шешімдеріне немесе әрекеттеріне ықпал етпеуі немесе мұндай ықпалдың көрінісін тудырмауы тиіс.
- Сыйлықтарды ұсыну кезінде төменде көрсетілген қосымша қағидаттарды ұстану қажет:
 - Кез келген түрдегі сыйлықтарды Топ компаниясының бас директоры немесе Құқықтық бақылау жөніндегі басшысы (Қазақстан, Ресей немесе Қырғызстандағы Қызметкерлер үшін); KAZ Minerals PLC Директоры немесе Корпоративтік хатшысының (басқа елдердегі Қызметкерлер үшін) рұқсатымен ғана ұсынуға болады және сыйлықтардың құны орташа болуы тиіс;
 - Қазақстан мен Қырғызстанда Мемлекеттік қызметкерге сыйлықтарды ұсынуға немесе табыстауға жол берілмейді. Ресейде, Мемлекеттік қызметкерге KAZ Minerals PLC Құқықтық бақылау жөніндегі Бас комплаенс-офицер, Директорының немесе Корпоративтік хатшысының, бұл Ресейдің қолданыстағы заңнамасының нормаларына қайшы келмейтін жағдайда ғана символдық сыйлықтар ұсынылуы немесе табысталуы мүмкін. Басқа елдерде, Мемлекеттік қызметкерге символикалық сыйлықтар ғана KAZ Minerals PLC Директорының немесе Корпоративтік хатшысының келісуінен кейін ұсынылуы немесе табысталуы мүмкін;
 - Егер сіз сыйлықты қабылдау сыйлық берілетін тұлғаға қолайсыз екенін білсеңіз, сыйлықтарды ұсыну немесе табыстауға жол берілмейді.
- Қонақжайлылықты танытуға қатысты, Қызметкерлер оны келесі жағдайларда ғана ұсына алады:
 - Қонақжайлылықты таныту орынды болып табылады және осы Саясатпен көзделген шектерден шықпайды және тиісті бөгде ұйымның қонақжайлылыққа қатысты саясатын бұзбайды.
 - Қонақжайлылық көрінісі тұлғаға ықпал ету немесе оны белгілі бір түрде әрекет етуге көндіру, немесе осы тұлғаны оның рөлі немесе қызметін орындауға сыйлықақы беру үшін ықпал ету әрекеті болып табылмайды және мұндай әрекет ретінде қабылдануы мүмкін емес.
 - Қазақстан мен Қырғызстанда Мемлекеттік қызметкерлерге қонақжайлылық танытуды ұсынуға жол берілмейді. Ресейде, Мемлекеттік қызметкерге KAZ Minerals PLC Құқықтық бақылау жөніндегі Бас комплаенс-офицер, Директорының немесе Корпоративтік хатшысының, бұл Ресейдің қолданыстағы заңнамасының нормаларына қайшы келмейтін жағдайда ғана қонақжайлылық ұсынылуы мүмкін. Басқа елдерде, қонақжайлылықты танытудың орынды көрінісі ғана кей жағдайларда ұсынылуы мүмкін.
 - Адам басына шаққанда £200-тен және £400-ке, Ресейде 17 000 бастап, 34 000 рубльге дейінгі (немесе лимит екі есе төмен болатын Қырғызстаннан басқа өзге елдердегі жергілікті валютадағы баламасы) немесе бір бизнес-серіктеске жалпы алғанда £500-тен £1500-ке, Ресейде 42 500 бастап, 128 000 рубльге дейінгі сомдағы кез келген қонақжайлылық көрінісі Құқықтық бақылау жөніндегі директормен (Қазақстан немесе Қырғызстан үшін), Корпоративтік хатшымен (басқа елдер үшін) жазбаша түрде келісілуі тиіс. Сомасы адам басына шаққанда £500-тен (Ресейде адам басына 42 500 рубль) немесе бір

бизнес-серіктеске жалпы алғанда £2000-тен (Ресейде 170 500 рубль) (немесе лимит екі есе төмен болатын Қырғызстаннан басқа өзге елдердегі жергілікті валютадағы баламасы) асатын кез келген қонақжайлылық көрінісі Топ компаниясының бас директорымен (Қазақстан, Ресей немесе Қырғызстандағы Қызметкерлер үшін) немесе KAZ Minerals PLC Директорымен келісілуі тиіс (басқа елдер үшін).

- Кез келген ұсынылған сыйлықтар немесе қонақжайлылық көріністері Топтың әрбір компаниясында жүргізілуі тиіс сыйлықтар мен қонақжайлылық көріністері журналында тіркелуі тиіс. Сыйлықтар немесе қонақжайлылық көріністерін тіркеу тәртібі туралы кеңес алу үшін, өз құрылымдық бөлімшеңіздің Құқықтық бақылау жөніндегі басшысына /Топ компаниясының Персоналды басқару қызметінің бөлімшесіне хабарласыңыз.
- Толық ақпаратты алу үшін, KAZ Minerals Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы кодексті қараңыз.

Жаңартылды және 2019 жылғы 27 маусым айында Директорлар кеңесімен бекітілді.

(2018 жылғы қарашаның алдыңғы нұсқасын жаңарту).